

**6D020500 - «Филология (қазақша) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Абдырова Ардак Оразгалиевнаның
«Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты
диссертациялық жұмысына
ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ
ПІКІРІ**

А.Абдырованың ғылыми зерттеу жұмысы ф.ғ.докторы., профессор Қ.Жүсіптің еңбектеріне арналған. А.Абдырованың диссертация жұмысының мазмұны негізгі үш бөлімнен тұрады:

1. Қ.П. Жүсіптің жазушылық шеберлігі
2. Қ.П. Жүсіп және қазақ лирикасының өзекті мәселелері
3. Қ.П. Жүсіптің ғылыми еңбектері

Зерттеуші А. Абдырова Қ.Жүсіптің өмір жолы мен қалыптасуын, шығармашылығы мен ғылыми мұрасын тереңірек талдай білген. Қ.Жүсіп өміріне қатысты деректерді нақтылаған. Қ.Жүсіп тұлғасы мен шығармашылығы жайында Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, Б.Майтанов, А.Еспенбетов, Т.Ибрагимов, М.Сәрсек, С.Негимов, Д.Хамзабек, Қ.Бітібаева, С.Елікбаев сынды зерттеуші ғалымдардың құнды пікірлері мен тұжырымды зерттеулерін орынды көрсетеді.

Зерттеуші А.Абдырова қаламгер шығармаларындағы дәуір шындығын, қоршаған ортадағы ақиқатты, айналадағы болып жатқан оқиғалар мен адамдар ортасында жиі кездесетін сәттерді ашып көрсетеді. Жазушының суреткерлігін, шеберлігін, тілінің көркемдігін дәлелдей алған. Қ.Жүсіп шығармаларындағы кейіпкер бейнесін ашудағы шеберлігін айқындаған. Жазушының шығармалары тілінде көріктеуіш құралдар, бейнелі-образдарды, сөз айшықтарының жұмсалуын, өмірді, ондағы сан қилы тұрмыс-тіршілікті әдемі бейнемен, нанымды түрде суреттеуін: біріншіден, портрет, оның негіздерін беруде; екіншіден, кейіпкерге мінездеме беруде; үшіншіден, табиғатты әсерлі суреттеу мақсатында қолданғанын зерттеуші өз жұмысында кешенді талдау жасай отырып, дәлелдеген.

Жазушының драмалық шығармаларындағы штрихтар мен детальдар, қажетті ремаркалардың орынды берілуін, оқиға желісін шынай негізде өрбітуін, кейіпкерлердің жан-дүниесін, жазушының қарымын нақты дәлелдер келтіре отырып көрсете білген. Жастар психологиясы, еңбекке деген құлшынысы ситуациялар арқылы шебер берілген. Шығармада шарттылық, қиял өрісіне бойлау сипаты кең қарастырылған. Қ.Жүсіптің романдары, әңгімелері мен драмалық шығармаларындағы қаламгер қаламының қарқыны мен шеберлік қырлары, стилі, өткір ойы айқындалған.

Ғалымның қазақ лирикасының дамуына қосқан еңбегін саралаған. Ғалымның өзіндік ұстанымдарын айқындаған. Әдебиеттану саласындағы жетістіктерін ашып көрсеткен.

Қазақ лирикасындағы көркем әдіс және бейнелілік негіздерінің әдеби танымдық жолдары ғылыми тұрғыдан танылған ғалым Қ.Жүсіп зерттеулері жан-жақты сипатталады. Көркем әдіс түрлерінің негізгі қағидалары ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырылған.

Қазақ лирикасындағы көркемдік әдіс түрлерінің тарихи қалыптасуы мен дамуы, ғалым Қ.Жүсіп зерттеулерінің өзектілігі қазақ лирикасындағы көркемдік әдістің дамуы, әдіснамалық негіздері, жүйелік талдау бағытындағы нәтижелері нақты жинақталып берілген.

Ғалым Қ.Жүсіптің ғылыми мұрасында әдеби хронологиялық көрсеткіш сақталып, қазақ әдебиеті тарихының бастауында тұрған Асан қайғы, Шәлгез, Ақтамберді, Бұқар жырау өлеңдеріндегі ерекшеліктер, «дербес стиль» мәселелері қарастырылып, түйінделеді. Ақындар поэзиясы қазақ лирикасының дамуы мен қалыптасуына тікелей әсерін зерттеу негізінде тұжырымдайды.

Қ.Жүсіптің әр жылдарда жариялаған сын-зерттеу мақалаларын сұрыптап талдаған. Сыншы ғалымның ғылыми зерттеулері ақын-жазушылар туындыларына шынайы баға берген құнды зерттеулер қатарына жатады. Қ.Жүсіптің сыни сипаттағы еңбектерін екі топқа бөліп қарастырған: бірінші топқа, сыни көзқарастағы еңбектері; екінші топқа сын айту, сынау арқылы кемшіліктерді көрсету мақсатындағы зерттеулері көрсетілген. Қ.Жүсіп сын зерттеулеріндегі әдеби көркемдік тәсілдер, ақын-жазушылар шығармалары сараланып, көкейкесті мәселелер көтерілген, әдеби сынды дамытып нығайтудағы ғалымның еңбегі айқындалады. Ғалым Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми мұрасын тұңғыш рет ғылыми бағытта саралап, бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалап, жаңа қырынан аша білген. Қ.Жүсіп еңбектерінің қазақ әдебиеті мен әдістеме ғылымындағы маңызын, үлес салмағын нақтылаған.

Қазақ әдебиетін оқыту сапасын жетілдіруде әр түрлі әдіс-тәсілдерді көбейтіп қолдана берудің барлығы ұтымды емес, кез келген әдіс-амалдар шығарманың көркемдігін таныту шарттарына бағындырылмаса, күткен нәтижеге жете алмайтыны белгілі. Қ.Жүсіп еңбектерінде қазақ әдебиетін, қазақ тілін оқытуда ескерілмей келген маңызды мәселелер көтерілген. Көркем шығарманы жалаң мазмұндаумен, баяндаумен шектелмей, тың бағыт: шығарма көркемдігін танытуды басты нысана етеді. Поэзияны оқытудың ерекшеліктері, эпостық шығарманы оқытудың қыр-сыры, көркем шығарма тілін сараптауға қатысты ой-тұжырымдары толық ашылып берілген.

А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, Ә.Қасымбеков, Б.Сманов, Қ.Бітібаева, Т.Жабагин т.б еңбектеріндегі қазақ әдебиетін оқытудың әдістері айтылып, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы салыстырыла берілген, көрнекі құралдарды тиімді пайдаланудағы ізденістері айқындалады.

Қ.П.Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеп, жариялаудағы зор үлесін, Мәшһүртану ғылымының негізін салудағы ерен еңбегін

айқындаған. Қ.П. Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын зерттеуіндегі маңызды бағыты – мәтіндердегі араб және парсы сөздерін тану, түсіндіру және оларды қазіргі оқырманға жеткізу жолындағы еңбегін анықтай білген.

Ғалым Қ.Жүсіптің әдебиет теориясы іліміне қосқан ғылыми мәнді зерттеулері, қазақ прозасындағы құнды көркем туындылары, сын зерттеулері, қазақ әдебиетін оқытудағы ізденіс нәтижесінен туындаған зерттеулері кеңінен қарастырылып, дәлелденген.

Қ.Жүсіп мұрасын ғылыми жүйеге түсіріп, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін жан-жақты талдап, ғылыми-танымдық деңгейде ұсынған.


Абдырова Ардак Оразғалиевнаның «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Монғолия мемлекеттік Білім университеті

Баян-Өлгей аймағындағы филиалының директоры

PhD., профессор



Хиналган Жылхыайдар